**Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 сәуірде № 35999 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ғылым және жоғары білім министрі* *С. Нурбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрі
2025 жылғы 18 сәуірдегі

№ 193 бұйрығына
қосымша

## Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға;";

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (мемлекеттік қызметшілер санаты бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін) арналған үлгілік шарттар бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыс нормаларында:

"

| Р/с № | Мемлекет | Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде тұруға арналған шығыс нормалары | Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде тамақтануға арналған шығыс нормалары | "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бакалавриат/ жоғары арнаулы білім (оқу жылы) | магистратура/ клиникалық ординатура/резидентура (оқу жылы) | аспирантура / докторантура (оқу жылы) | тілдік курстар/ магистратура алдындағы дайындық (ай) | тағылымдамалар (ай) |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендия | Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендия | "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| Р/с № | Мемлекет | сы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде тұруға арналған шығыс нормалары | сы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде тамақтануға арналған шығыс нормалары | бакалавриат/ жоғары арнаулы білім (оқу жылы) | магистратура/ клиникалық ординатура/резидентура (оқу жылы) | аспирантура / докторантура (оқу жылы) | тілдік курстар (ай) | тағылымдамалар (ай) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзге де шығыс нормаларына:

1) визаны ресімдеу, ұзарту (консулдық алым), визаны (консулдық алымды) ресімдеу үшін Елшіліктің талабы бойынша міндетті көрсетілетін қызметтер;

2) шетелдік жоғары оқу орындарына 5-тен (бестен) аспайтын сауалнама нысанын ресімдеу және беру;

3) қабылдаушы елдің уәкілетті органдарында және шетелдік жоғары оқу орындарында стипендиаттардың тіркелуі;

4) шет тілін білу деңгейін анықтауға аралық және қорытынды бақылау тестілеуді қоса алғанда, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі бойынша өтуі қажет болған жағдайда тілдік курстар;

5) академиялық оқытудан немесе тағылымдамадан өту;

6) стипендиаттың академиялық оқуға, тілдік курстарға түсуі кезінде, сондай-ақ стипендиаттың тілдік дайындығы, академиялық оқуы, тағылымдаман өтуі процесінде қажетті тілдік курстардан өткізуді жүзеге асыратын (бұдан әрі - тілдік мектептер) шетелдік жоғары оқу орындарының, тағылымдамаларды өткізуді жүзеге асыратын шетелдік ұйымның (бұдан әрі - шетелдік ұйым) талаптары бойынша міндетті қызметтер;

7) тілдік курстардан, академиялық оқудан, тағылымдамадан өту елдерінің және/немесе шетелдік жоғары оқу орнының, тілдік мектептің, шетелдік ұйымның талаптары бойынша міндетті медициналық тексеріс;

8) стипендиаттың банк карточкасын шығару, қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша оны қайта шығару және оған қызмет көрсету;

9) шет мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындайтын шетелдік жоғары оқу орындарының, тілдік мектептердің немесе шетелдік ұйымдардың (бұдан әрі – шетелдік әріптестер) стипендиаттың үлгерімі туралы ресми құжаттарды (транскриптерді) беруі;

10) шетелдік студенттер үшін көзделген жазатайым оқиғалардан және аурулардың кенеттен пайда болуынан медициналық сақтандыру;

11) академиялық оқытуды, тілдік курстардан, тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар бойынша олардың міндеттемелерін орындауға байланысты шетелдік әріптестердің шығыстары кіреді.

Шығыстарды төлеу растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жол жүру бойынша шығыстар төлемі "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу , тілдік курстардан, тағылымдамадан өту орнына дейін және кері бағытта академиялық оқу, тілдік курстар, тағылымдамадан өту орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін әр оқу жылы басталғанға (Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқуға, тілдік курстардан, тағылымдамадан өтуге алғаш рет баратын адамдарды қоспағанда, оларға жол жүру бойынша шығыстар виза алғаннан кейін жүргізіледі) және аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей шыққан кезде жүргізіледі. Бұл ретте, жол жүру бойынша шығыстар төлемі академиялық оқу орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін және кері бағытта докторантура бағдарламасы бойынша оқитындар үшін оқу орнынан жазбаша ресми растама не бекітілген жеке оқу жоспарының негізінде әр оқу жылы ішінде бір реттен артық емес жүргізіледі.

Академиялық оқу орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін және кері бағытта ұзақтығы 2 (екі) ай және одан да көп семестр аралық каникул кезеңінде магистратура бағдарламасы бойынша оқитын стипендиаттарға шетелдік жоғары оқу орнының академиялық күнтізбесіне сәйкес каникул демалысы басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей және кері бағытта каникул кезеңі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей шығыстар төлемі жүргізіледі.

Академиялық оқу орнынан, тағылымдамадан өтуден, тілдік курстардан өту және кері қайту бойынша шығыстарды төлеу визаны, оның ішінде Қазақстан Республикасында ресімдеу немесе ұзарту қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Бұл ретте жол жүру кезінде әуе көлігін пайдалану бойынша шығыстарды төлеу стипендиаттың өтініші бойынша "Болашақ" халықаралық стипендиясының әкімшісі билетті броньдап қойған сәттегі жол ақысының ең аз құны бойынша жүргізіледі.

Академиялық оқу орнынан, тағылымдамадан өтуден, тілдік курстардан өту және кері қайту бойынша билеттерді уақтылы пайдаланбаған кезде, кері қайту билетін қоспағанда, билеттерді пайдалану көзделмейді.

Стипендиат брондауды жою және/немесе өзгерту кезінде туындаған қосымша шығыстарды өзі төлейді.

Шығыстарды төлеу қосымша багажды және қосымша ақылы қызметтерді қоспағанда, растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының ішінде жол жүру бойынша – тікелей қатынайтын әуе және (Қазақстан Республикасына келген сәттен тұру жеріне дейін/тұру жерінен Қазақстан Республикасынан шығу сәтіне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен аспауы қажет ) купе вагоны тарифінен жоғары емес теміржол көлігін пайдаланғаны үшін сол аймақта экономикалық класс тарифі бойынша жол жүру құнымен тас жол және қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерге жол жүру бойынша – экономикалық класс бойынша тікелей қатынайтын/транзитті әуежайларда/аймақтарда ауысып отыру арқылы әуе көлігін пайдалану үшін (әрбір транзиттік аймақта Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту жеріне дейін жол жүру/ұшу сәтінен бастап және кері бағытта 24 ( жиырма төрт) сағаттан аспайды), экономикалық класс тарифы бойынша теміржол көлігін пайдалану үшін, сол аймақта экономикалық класс тарифі бойынша жол жүру құны бойынша тас жол мен қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін;

3) тілдік курстардан өту орнынан ел ішінде академиялық оқу орнына дейін (қала/штат) жол жүру бойынша – экономикалық класс бойынша тікелей қатынайтын әуе көлігін пайдалану үшін, экономикалық класс бойынша теміржол көлігін пайдалану үшін, сол аймақта экономикалық класс тарифі бойынша жол жүру құны бойынша тас жол мен қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін.

Стипендияны есептеу стипендиаттың нақты тұрған жерінің шығыс нормалары бойынша жүргізіледі. Егер стипендиат тілдік курстар, академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында көзделген жұмыс) уақытында "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған елден ерекшеленетін елде, штатта немесе қалада болса, есептеу стипендиаттың нақты тұратын елінің " Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген) елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының мөлшерін айқындау үшін шығыстар нормалары (бұдан әрі – осы шығыстар нормалары) бойынша стипендиаттың нақты орналасқан елі, егер мұндай шығыстар нормаларының елдер бөлінісінде бекітілген тізімінде болса, жүргізіледі. Норматив болмаған жағдайда, есептеу осы шығыстар нормалары бойынша тағайындау елі бойынша жүргізіледі. Стипендиат академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында қарастырылған жұмыс) кезінде Қазақстан Республикасының аумағында болса, елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін осы шығыс нормаларының 4-тармағын қоспағанда, есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7

ақпандағы № 116 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшерлеріне сәйкес жасалады.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлеріне оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын есептеу кезеңі шетелдік жоғары оқу орнының/ білім беру ұйымының академиялық күнтізбесіне, шақыру хатына (алғаш рет шығатындар үшін), студенттік визаны ресімдеу үшін иммиграциялық емес нысандарға (DS-2019, 1-20), тағылымдамадан өтудің бекітілген бағдарламасына, бекітілген оқу жоспарына/жеке оқу жоспарына (академиялық оқуын жалғастыруға шығатындар үшін) сәйкес оқу елінде нақты оқудың, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтудің, бірақ оқуды/ тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру шартымен белгіленген мерзімнен аспайтын кезеңі болып табылады.

Оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын есептеу әрбір күнтізбелік айға толық көлемде жасалады.

Оқу жылының бірінші айы және оқу жылының соңғы айы күндерінің жалпы саны 30 (отыз) күнтізбелік немесе одан кем күндерді құраса, онда төлем әрбір академиялық оқу жылының бірінші немесе соңғы айында жүзеге асырылады.

Егер академиялық оқу үшін әрбір оқу жылының бірінші немесе соңғы айындағы оқу күндерінің саны, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтудің жалпы мерзімі күнтізбелік 3 (үш) немесе одан кем күндерді құраса, онда осы айлар үшін төлем жасалмайды.

Академиялық оқу кезеңінде оқу материалдарын сатып алу шығыстарының сомаларын есептеу бекітілген оқу жоспарына сәйкес жылына екі рет жүргізіледі, тілдік курстардан және тағылымдамадан өту кезеңінде ай сайын жүргізіледі.

Тұру, тамақтану және оқу әдебиеттерін сатып алу үшін стипендияны есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген шығыстар нормаларына сәйкес тізімдеме құру күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша жүргізіледі. Тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын төлеу алдыңғы айдың 25-інен бастап ағымдағы айдың 5-іне дейін жүргізіледі.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Елде академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/ жеке оқу жоспарында қарастырылған жұмыс), тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуін тоқтатқан, тоқтата тұрған жағдайда немесе академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуі қашықтан оқытуды және/немесе аралас оқу нысанын қолдана отырып оқуға көшсе, еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы салдарынан, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, соғыс қимылдары, қоршаулар, эпидемиялар және басқа да мән-жайлар туындауының салдары болып табылса, егер шарттық міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етсе, мұндай әсер етуге кедергі болу мүмкін

болмаған және қолданылуын қалыптасқан жағдайлардан күтуге болатын барлық ықтимал шаралар мен әрекеттер қабылданған жағдайда (бұдан әрі – еңсерілмейтін күш жағдайлары):

академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында қарастырылған жұмыс) орнынан, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін және еңсерілмейтін күш жағдайлары аяқталғаннан кейін/оқуды қайта бастау кері қайту жолына;

визаны ресімдеу не ұзарту қажет болған жағдайда, академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында қарастырылған жұмыс ), тағылымдамадан, тілдік курстардан өту орнынан және кері бағытта шыққан кезде;

тілдік курстардан, академиялық оқу, тағылымдамадан өту елдерінің және/немесе шетелдік жоғары оқу орнының, тілдік мектептің, шетелдік ұйымның талаптарына сәйкес міндетті медициналық тексеруді қоса алғанда, визаны рәсімдеу, ұзарту ( консулдық алым), виза (консулдық алымды) рәсімдеу үшін Елшіліктің талабы бойынша міндетті көрсетілетін қызметтерді төлеу жүзеге асырылады.

Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы салдарынан елде академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстар өту бір айдан астам мерзімге тоқтатқан, тоқтата тұрған жағдайда шетелде жүрген стипендиат, әуе және/немесе темір жол көлігі болған кезде Қазақстан Республикасының аумағына қайтарылады.

Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болуы салдарынан тұруға және тамақтануға арналған шығыстардың ай сайынғы сомасын есептеу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінде академиялық оқудың немесе оқу жылының (семестр/триместр), тағылымдамадан, тілдік курстардан өтудің тоқтату, тоқтата тұру, аяқтау және стипендиаттың Қазақстан Республикасына қайтып оралуына кедергі келтіретін жағдайлардың туындауы;

2) шетелде окуға алғашқы рет кірісетін/жалғастыратын және академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінің аумағында орналасқан тұлғалар үшін қашықтан оқытуды және/немесе аралас оқыту нысанын қолдана отырып, академиялық оқуы, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуін бастау және/немесе көшу;

3) Қазақстан Республикасының аумағында академиялық оқуға, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуге алғашқы рет кірісетін/жалғастыратын тұлғалар үшін қашықтан оқытуды қолдана отырып, академиялық оқуды, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуі;

4) шетелден Қазақстан Республикасының аумағына амалсыздан оралған және Қазақстан Республикасының аумағында оқуды жалғастыратын тұлғалар үшін қашықтан оқытуды қолдана отырып, академиялық оқуы, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуіне көшу;

Бұл ретте тұру мен тамақтануға арналған шығыстардың ай сайынғы сомасын есептеу:

академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінің, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін оқуды тоқтатқан, тоқтата тұрған, аяқтаған сәттен бастап бір айдан аспайтын мөлшерде;

академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінің осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін;

Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өту үшін көзделген нормативтерге сәйкес, осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін;

академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстар өту (тұруға) елінің және Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өту үшін көзделген нормативтерге ( тамақтануға) сәйкес, осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін осы шығыстар нормативі бойынша жүргізіледі;

Қазақстан Республикасының аумағына мәжбүрлі түрде қайтып келген және Қазақстан Республикасының аумағында қашықтан оқытуды қолдана отырып оқуды жалғастыратын стипендиат еңсерілмейтін күш жағдайлары кезеңінде, академиялық оқуды, тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуді жалғастыратын Стипендиат (тұрғаны үшін) академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінің нормативі бойынша осы төлемді жүзеге асыру үшін академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінде тұрғаны үшін шығыстарды төлеу бойынша міндеттемелердің бар екендігі туралы растайтын құжаттарды, атап айтқанда: тұрғын үйді жалдау шарты, сондай-ақ төлем туралы чектердің түпнұсқалары немесе төлем туралы түбіртектер, немесе банктің мөртабанымен расталған клиенттің банк шоты бойынша үзінді көшірме немесе төлем фактісін растайтын шетелдік банктен ресми анықтама/хат академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстар өту (тұру үшін) елінің нормативі бойынша осы төлемді жүзеге асыру үшін ұсынады.

Академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан өту елінде тұрғаны үшін ақы төлеу бойынша міндеттемелер болмаған жағдайда тұрғаны үшін есептеу Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өту үшін көзделген нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болуы салдарынан егер бір күнтізбелік ай ішінде стипендиат академиялық оқудан, тағылымдамадан, тілдік курстар өтуден Қазақстан Республикасында және оқу елінде өтсе, онда стипендияны есептеу стипендиаттың академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстар өту елінде күнтізбелік 4 (төрт) және оданда артық күндер болған кезде академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстар өту елінің нормативі бойынша жүргізіледі.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрық 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Шетелге, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде оқуға жіберу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 222 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20730 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларына:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Үміткердің жеке басын куәландыратын, еңбек қызметін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірмені, ауылдық елді мекеннен шыққан үміткердің тұрғылықты жері туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың осы тармағында көрсетілген мерзім ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Ұсынылған құжаттардың толық фактісі анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде олардың "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағытын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды және конкурсқа қатысуға рұқсат беру

туралы немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі | Конкурсқа қатысуға рұқсат туралы немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 5-тармағында, сондай-ақ осы тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі және "жеке кабинетінде " сақталады. |

";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушы толтырған және порталда автоматты түрде қалыптастырылған "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін үміткердің сауалнамасы;<br>2) үміткерлер конкурсына қатысу үшін " Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдамадан өтуге үміткерлер санаты бойынша қатысатын үміткерлер мен магистр дәрежесін алуға мемлекеттік қызметшілер (мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда) болып табылатын үміткерлер санаты бойынша |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қатысатын үміткерлер конкурсына қатысу үшін жұмыс орнын сақтап қалу шартымен жұмыс берушінің маман даярлауға арналған өтінімінің электрондық көшірмесін;<br>3) қосымшасы бар бакалавр немесе маман дипломының электрондық көшірмесі, сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса – білімі туралы құжатты тану және/немесе нострификациялау туралы куәлік не "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білімі туралы құжатты тану туралы өзге де құжаттың электрондық көшірмесін немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат;<br>4) үміткерлер конкурсқа қатысу үшін еңбек қызметін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, сондай-ақ еңбек қызметінің талап етілетін кезеңі үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірме немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат:<br>магистр дәрежесін алуға ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлері үшін;<br>конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезде мемлекеттік қызметте кемінде 3 (үш) жыл жалпы жұмыс өтілі, оның ішінде жіберуші мемлекеттік органда соңғы 12 (он екі) ай жұмыс өтілі бар мемлекеттік қызметшілер (мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда) болып табылатын магистр дәрежесін алуға үміткерлер үшін;<br>тағылымдамадан өтуге үміткерлер санаты бойынша.<br>5) "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 318 бұйрық) бекітілген белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | нысандағы жарамды ресми сертификатының электрондық көшірмесін;<br>6) № 318 бұйрықпен бекітілген белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар қазақ тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификаттың электрондық көшірмесін;<br>7) шетелге шығатын тұлғалар үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың электрондық көшірмесін;<br>8) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлерді, инженерлік-техникалық және медицина қызметкерлері қатарынан үміткерлерді, конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде мемлекеттік қызметшілер (мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда) болып табылатын магистр дәрежесін алуға үміткерлерді қоспағанда, оқу бағдарламасы, мамандығы және оқу кезеңі көрсетілген, қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар академиялық оқуға сөзсіз қабылданғанын растайтын құжаттардың ( қаржылық шарттарды қоспағанда) электрондық көшірмелерін;<br>9) конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізіміне (бұдан әрі – Тізім) енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында академиялық оқуда оқитын тұлғалар үшін қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар шетелдік жоғары оқу орны берген үлгерімі туралы ресми құжатты/мамандығын, курсын (оқу жылын), оқу нысанын, осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балын көрсететін белгіленген үлгідегі анықтаманың электрондық көшірмесін;<br>10) Тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар ұсынатын, академиялық оқудың бүкіл кезеңі үшін академиялық оқу ақысын қамтитын шығыстарды толық |

| | | |
|---|---|---|
| | | өтей отырып, қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармалары бар (олар бар болса), академиялық оқуға үміткердің өтеусіз негізде қабылданғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>11) философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін Тізімге енгізілген және шетелдік жетекші жоғары оқу орны белгілеген мерзімдерден аспайтын шетелдік жетекші жоғары оқу орнымен келісілген казақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар жеке оқу жоспарының электрондық көшірмесін;<br>12) мотивациялық хаттың электрондық көшірмесі<br>13) тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша қатысатын адамдар тағылымдамаға қабылдаушы шетелдік ұйымдардың шартсыз шақыруын ( қаржылық шарттарын қоспағанда) казақ немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармалары бар, Тізбеден таңдалған мамандық, мерзімдері , құны (есептеулерді ашып жазумен) көрсетілген растайтын құжаттардың электрондық көшірмесін;<br>14) тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша қатысатын адамдар үшін № 318 бұйрықпен бекітілген және тағылымдамаға жіберуші және қабылдаушы ұйымдар бекіткен талаптарға сәйкес жасалған тағылымдамадан өту бағдарламасының электрондық көшірмесін;<br>15) көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және дерекқорлардан алған ауылдық елді мекеннен шыққан үміткердің тұрғылықты жері туралы мәліметтер.<br>Үміткердің жеке куәлік, еңбек қызметін растайтын құжаттар, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірме, ауылдық елді мекеннен үміткердің тұрғылықты жері туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады. | |
| | | | | 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу және "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясы санаттарының бірі бойынша көрсетілетін қызметті алушыға бір рет тағайындалған жағдайда;<br>2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) Қағидаларға сәйкес олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған жағдайда; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызмет | 3) құжаттардың Қағидалардың талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда;<br>4) үміткер Қағидаларға сәйкес бекітілген ағымдағы жылға арналған құжаттарды қабылдау мерзімдерінен тыс "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін конкурсқа қатысуға өтінімді жіберген жағдайда;<br>5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.<br>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасай алады. |

";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиатының міндеттемелерін орындау кезінде жылжымайтын мүлік кепілін тоқтату туралы хабарлама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларына:

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | | Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіге:<br>- еркін нысанда өтініш;<br>- еңбек кітапшасының көшірмесі ( кадр қызметі куәландырған) немесе еңбек қызметінің кезеңдері , лауазымы көрсетілген жұмыс орнынан анықтаманың түпнұсқасы;<br>- мүлік иесінің (кепіл берушінің) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ( жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);<br>- бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының талап етілетін жұмыс кезеңінде қаражатының түсуі мен қозғалысы туралы, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен дерекқорлардан алған жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер.<br>2) Мемлекеттік корпорацияға:<br>- еркін нысанда өтініш;<br>- көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);<br>- еңбек кітапшасының көшірмесі ( кадр қызметі куәландырған) немесе еңбек қызметінің кезеңдері , лауазымы көрсетілген жұмыс |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | орнынан анықтаманың түпнұсқасы;<br>Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) мен оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының қаражат қозғалысы мен түсімі туралы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпаратты " электрондық үкімет" арқылы алады және көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін қағаз тасымалдағышта шығарады.<br>Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалану үшін көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.<br>3) порталға:<br>- көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлік қолтаңбасымен (әрі қарай – ЭЦҚ) куәландырылған электронды құжат түріндегі немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат түріндегі өтініш;<br>- еңбек кітапшасының (кадр қызметі куәландырған) немесе жұмыс орнынан еңбек қызметі кезеңдерін, лауазымын(дарын) көрсете отырып, электрондық көшірмелері;<br>- талап етілетін еңбек кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы |

| | | |
|---|---|---|
| | | қоры салымшысының қаражат түсімі мен қозғалысы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтер және тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен деректер қорынан қызметі беруші алған оған техникалық сипаттамалар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден түсуі және қозғалысы туралы ақпаратты ұсыну көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелермен растау кезінде талап етілмейді.<br>Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) мен оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамаларды және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының қаражат қозғалысы мен түсімі туралы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпаратты " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алады және көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін қағаз тасымалдағышта шығарады.<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды " электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының |

| | | |
|---|---|---|
| | | хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалған мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді. |

".

3. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білудің қажетті ең төменгі деңгейі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жұмыс орнын сақтау шартымен маман даярлауға жұмыс беруші өтінімінің нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін үміткер сауалнамасының үлгілік нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тағылымдамадан өту бағдарламасына қойылатын талаптар;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалығы кестесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлердің Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен жеке әңгімелесуін бағалау парағының үлгілік нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес тілдік курстар ұзақтығының кестесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес конкурстық іріктеуді саралау кестесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымша осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымша осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрық 8-қосымшамен толықтырылсын.

4. "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 19 шілдедегі № 345 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15455 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясының әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Борышкердің (қаржылық борышкердің) шығыстарды (берешекті) бір жолғы төлеммен өтеу мүмкіндігі болмаған жағдайда Әкімші берешекті өтеу туралы келісімді төлемдер кестесін құрастырумен жасау арқылы өтеуді қарастырады.

Шығыстарды (берешекті) борышкерлерден (қаржылық борышкерлерден) өтеу туралы келісімді жасау тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Шығыстарды өтеу туралы келісім берешекті өтеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап және/немесе одан әрі ұзарту мүмкіндігімен жасалатын шарттың бүкіл кезеңіне тең төлеммен шығыстарды (берешекті) өтей отырып, 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімде өтеу туралы борышкер (қаржылық борышкер) хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Әкімші мен борышкер арасында жасалады.

Борышкермен (қаржылық борышкермен) жасалған шығыстарды өтеу туралы келісімді ұзартуға бір реттен артық емес 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімде төлемдер кестесінде көрсетілген шығыстар сомасын уақтылы өтеген жағдайда рұқсат етіледі";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ай сайынғы төлемдер сомасының және/немесе осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мерзімнің мөлшерін берешекті өтеу мүмкін болмаған жағдайда

, борышкер (қаржы борышкері) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Әкімшіге жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Ұсынылған құжаттармен бірге түскен өтініш ай сайынғы төлемдер сомалары мөлшерін белгілеу және шешім қабылдау үшін Комиссияның қарауына жіберіледі.";

5. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стипендиаттармен оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу, стипендиаттарды орналастыруды жүзеге асыру, стипендиаттардың үлгерім мониторингі мен еңбек қызметін жүзеге асыру, стипендиаттардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепіл мүлкін ауыстыру , Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) қоса алғанда, стипендиатқа жұмсалған шығыстарды өтеу қағидаларында:

2-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) еңбек қызметі (жұмыспен өтеу) – Іріктеу қағидаларының 24-тармағының 5) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, Қазақстан Республикасында алынған мамандық бойынша үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру бөлігінде шарттағы міндеттемелерді орындау процесі;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) кепіл хат – тілдік курстарға, академиялық оқуға, тағылымдамадан өтуге тіркелу және виза ресімдеу үшін Стипендиаттарға Қоғам беретін, шығыстарды жабу міндеттемесін кепілдендіретін ресми хат;";

7) тармақша алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) орналастыру – шетелдік жоғары оқу орнын, шетелдік ұйымды таңдау, стипендиаттың Стипендиаттың тілдік курстарға, академиялық оқуға құжаттар тапсыру және түсу рәсімі;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) тілдік курстар – тілдік тесттерге дайындық курстарды қамтитын, академиялық бағыттағы шет тілін меңгеру деңгейін арттыру курстары;";

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) шетелдік ұйым – Стипендиаттардың тағылымдамадан, тілдік курстардан өтуін жүзеге асыратын Оқу орны, ұйым;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Оқу шартында көзделген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында Стипендиат бағалық құны Стипендиаттың жалпы оқу құнынан кем емес жылжымайтын мүлікті кепілге ұсынады. Жылжымайтын мүлік кепіл шарты Қоғам мен жылжымайтын мүліктін меншік иесі арасында жасалады.

Бұл ретте "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған күннен бастап Стипендиатқа және (немесе) шарттағы міндеттемелерді орындау үшін қамтамасыз етілген оның жақын туыстарына жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға жол берілмейді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жылжымайтын мүлікті кепілге қою шартының мәні қандай да бір шектеусіз және ауыртпалықсыз меншік құқығы тіркелген кез келген жылжымайтын мүлік болып табылады.

Бұл ретте жылжымайтын мүліктің салынған жылы кепіл шартын жасасу күніне 50 ( елу) жылдан аспайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жылжымайтын мүлік кепілі шарты, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісімнің үш данасына тараптар қолдарын қояды және жылжымайтын мүліктің орналасқан орны бойынша "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдарда тіркелуге тиіс. Тіркеуші органдарында тіркелгеннен кейін жылжымайтын мүлік кепілі шартының немесе оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы келісімнің бірінші данасы тіркеуші органға, екінші данасы кепілгерге, үшінші данасы Қоғамға беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жұмыс берушінің анықтамаларымен және зейнетақы аударымдарының төленгенін растайтын құжаттармен (оның ішінде зейнетақы қорынан жазба) расталған соңғы күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде тұрақты еңбекақысы бар Қазақстан Республикасының 50 (елу) жасқа дейінгі азаматтары кепілдік беруші бола алады. 12 (он екінші) ай үшін зейнетақы жарнасын есептеу болмаған кезде, егер кепілдік шартын жасасу ағымдағы айдың 25-күніне дейін жүзеге асырылса, соңғы 11 (он бір) күнтізбелік ай үшін зейнетақы аударымының төленгенін растайтын құжатты ұсынуға жол беріледі.

Оқуды ұйымдастыруға, тағылымдамадан өтуге не ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған шарттың талаптарына сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегері ғылыми тағылымдамадан өту үшін конкурс жеңімпазына стипендия тағайындалған күннен бастап шарттағы міндеттемелерді орындау аяқталғанға дейін кепілгер бола алмайды.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Стипендиаттың міндеттемесін орындауды қамтамасыз етуге берілген кепіл мүлкін ауыстыруды жүзеге асыру үшін мынадай санаттар: Қазақстан Республикасы

Азаматтық кодексінің 314-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, ұсынылатын жылжымайтын мүліктің құны, сапалық және сандық сипаттамалары, географиялық орналасуы, сондай-ақ егер стипендиат оқуын аяқтаған жағдайда, оқудың нақты құны ескеріледі.";

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Стипендиаттарды тілдік курстарға, академиялық оқуға, тағылымдамаға орналастыруды ұйымдастыру тәртібі, үлгерім және түлектердің еңбек қызметін жүзеге асыру мониторингін жүргізу";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Тілдік курстарға, академиялық оқуға, тағылымдамаға орналастыруды ұйымдастыру оқуға/тағылымдамадан өтуге шарттар күшіне енген сәттен басталады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Тілдік курстар "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген) 7-қосымшасына сәйкес тілдік курстар ұзақтығының кестесіне сәйкес көзделген мерзім ішінде жалғасады.";

22-2 және 22-3-тармақтар алып тасталсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Стипендиат Орталыққа оқу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, тағылымдамадан өту орнына дейін (виза алғаннан кейін Қазақтан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқуға, тілдік курстардан, тағылымдамадан өтуге алғаш рет баратын тұлғаларды қоспағанда) және бекітілген оқу жоспарына/жеке оқу жоспарына сәйкес әрбір оқу жылының тілдік курстары, тағылымдама мен академиялық оқу аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жол жүру бойынша әуебилетін сатып алу туралы жазбаша нысанда өтініш білдіреді.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Үлгерім және түлектердің еңбек қызметін жүзеге асыру мониторингі оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбекпен өтеу түлектің алған мамандығы бойынша Іріктеу қағидаларының 24-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте ұсынылған транскриптке сәйкес академиялық оқу кезеңінде өткен негізгі пәндер бойынша еңбек өтілімі есептеледі.

Түлектен немесе кепіл берушіден ауыртпалықты алу туралы өтініш түскенде Қоғам түлектің еңбек өтілімі бойынша шарттық міндеттемелерінің орындалуын төмендегілерді:

түлек оқуды/тағылымдамадан өтуді аяқтағаннан кейін алған мамандығы бойынша еңбек қызметін жүзеге асырған жұмыс берушілердің еңбек кітапшасындағы жазбаларын;

еңбек өтілімінің талап етілетін кезеңі ішінде аударылған міндетті зейнетақы аударымдары туралы үзінді көшірмелерде көрсетілген зейнетақы аударымдарын ( Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты заңнамасының ерекшеліктері ескерілген);

жұмыс берушінің растаушы құжаттары мен мерзімі көрсетілген іссапарға жіберу туралы ақпаратты (егер бар болса);

Іріктеу қағидаларының 24-тармағы 5) тармақшасының ерекшеліктерін ескере отырып, "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде алған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, еңбек қызметін жүзеге асыруды (еңбекпен өтеу) есепке алып, тексереді.

Еңбек өтілімі мерзімдерін есептеуді Қоғам күнтізбелік күндермен жүзеге асырады. Конкурс жеңімпаздарының еңбек өтілімін жүзеге асыруының мерзімдері мен орны Іріктеу қағидаларымен реттеледі.

Түлек еңбек қызметін астанада немесе республикалық маңызы бар қалада, содан кейін өңірлерде немесе керісінше жүзеге асырған жағдайда, еңбек өтілімі мерзімін есептеу астанада немесе республикалық маңызы бар қалада атқарылған жұмыс күндері саны мен өңірде атқарылған жұмыс күндері санының пайыздық ара қатынасын қосу жолымен жүзеге асырылады.

Түлек шарт талаптарына сәйкес еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) қоса алғанда, Орталық барлық шығынды өтеу шартымен " Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселені Республикалық комиссияның қарауына шығаруға бастамашылық жасайды.";

28-2-тармақта:

7) тармақша алып тасталсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбекпен өтеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру Қағидалардың осы тармағының 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда бір рет беріледі.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Қоғам Оқу орны белгілеген мерзімдерде тағайындалған оқу бағдарламасы мен мамандығы бойынша Оқу орнындағы оқуын аяқтау және академиялық дәреже алу үшін кредиттердің, пәндердің ең аз санын төлейді. Тиісті деңгейді алу үшін қосымша міндетті емес кредиттерді Стипендиат өз бетімен өз қаражаты есебінен төлейді.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

